Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 11.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.12.2025, судья Абенова А. Ч., 19.12.2025

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2025 жылғы 11 қараша №7119-25-00-2/12391 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Абенова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Қызылорда облысының жастар Одақтары» қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ-нің жауапкер «Қызылорда облысының жастар Одақтары» қоғамдық бірлестігін мемлекеттік сатудың жозықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"Қызылорда облысының жастар Одақтары" қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Қызылорда облысының жастар Одақтары" қоғамдық бірлестігінен мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

7119-25-3-1/12635

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 11.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.12.2025, судья Абенова А. Ч., 19.12.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

7119-25-3-1/12635